

Sabraev K.J.

Electronic interactive whiteboard as a modern teaching tools

Summary. In this paper considered role and effectiveness of interactive whiteboard in the learning process. Using interactive whiteboard gives to students not only aware of the lecture, also significantly improves the memorizing of visual images and the ability to work independently. This is a great opportunity to improve and develop students' reading skills. If the main purpose of the teacher is to give a quality education, using interactive whiteboard during the lesson is the main tool to satisfy this demand.

Key words: interactive whiteboard, information, technology, tactile control, animation.

УДК 376:004

Г.И. Салғараева, Б. Сабит

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, sabit_botakoz@mail.ru)

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ
БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮРДСІ, МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ**

Аннотация. Инклюзивті білім беруді дамытудың мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жүйесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі ретінде қарастырған жөн. Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану.

Кілттік сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім беру, педагогикалық іс-әрекет, ақпараттық технология.

Инклюзивті білім беруді дамытудың мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жүйесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі ретінде қарастырған жөн. Бала және оның ата – анасының тұрғылықты жеріне сәйкес жалпы типтегі мекемелерде мұндай балаларға білім беруді ұйымдастыру оларды ұзақ мерзімге мектеп – интернатқа жіберуден сақтап, отбасында тәрбиеленіп тұруы үшін жағдай жасайды, қалыпты деңгейдегі дамыған құрдастарымен күнделікті қарым – қатынас жасауды қамтамасыз етеді, әлеуметтік бейімделуі және қоғамға кіріктіруге қатысты мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін Мемлекет тарапынан көптеген шаралар енгізіліп жатыр. Бүгінгі күні білім саласында өз шешімін таппай отырған мәселелер жеткілікті Инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік дамыту бағдарламасында шешімін тапты [1].

Қоғамдағы мүгедектердің жағдайы, олар бастан өткеруге мәжбүр қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Алайда ересек мүгедектердің өз құқықтарын іске асыруына байланысты мүгедектік проблемалары жиі іске алынып жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап, олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы проблемалар санының көптігіне қарамастан орын алуда. Бұл баланың адамзаттық ар - ожданын кемсітетін, оның дамуға және тіпті өмір сүруге құқығын іске асыруына кедергі келтіретін әр түрлі кемсітуші көріністер болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда біз оқушының деңгейіне мән бермейміз, нәтижесінде көптеген оқушылар осы деңгейге жетпей қалу салдарынан үлгермеушілер қатарына жатады.

Мектептегі үлгермеушіліктің негізгі себебі мектептегі білім беру жүйесінің баланың интеллектуалдық жүйесіне сәйкес келмеуі. Ал біз болсақ, білім беру бағдарламаларын күрделендіру үстіндеміз. Баланың меңгеру деңгейін, оның жас ерекшелігін назарға алмай, бір жағынан баланың жаңа бағдарламамен оқуы қиынға соғатынын түсіне отырып, оны беделді мектепке, мықты мұғалімге беруге тырысамыз. Қазіргі уақытта арнаулы білім берудегі нақты прогресске бірнеше факторлар: мүгедек оқушыларға қатысты үміттің аздығы, жоқтығы, инклюзивті білім беруге мектептердің дайын еместігі кедергі келтіруде. Арнаулы білім беруді кез келген білім беру реформаларының бағдарламаларына

енгізу, жоспарлау кезінде мүгедек балалардың нақты мүмкіндіктерін ескеру, білім сапасын жақсарту және оны алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету, арнаулы заңдарды әзірлеу, ерекше білім алу қажеттіліктері бар адамдардың санаттарының құқықтарын қамтамасыз ету осының барлығы жағдайды едәуір өзгертіп, барлық адамдардың білім идеяларын іске асыру үшін алғышарттар жасап, үйден оқыту мәселесін қатаң қадағалау қолға алынып отыр.

Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында білім саласына түбегейлі өзгерістер жасауды міндеттеумен қатар, нәтижесі – Қазақстандағы адами капитал деңгейінің сапалы өсуін атап көрсетті. Қазіргі өмір талабына сай компьютерлік сауаттылықты дамыту тек орта мектеп оқушыларына ғана емес сонымен қатар дамуында ауытқуы бар балалар үшін аса қажет дүние болып табылады. Сол себепті дамуында ауытқуы бар оқушылар үшін сабақ барысында IT құралдарын енгізу қажеттілігі туындап отыр. Арнайы мектеп оқушыларына информатика мен жаңа ақпараттық технология элементтерін енгізудің қажет екендігі зерттеу жұмыстары арқылы толық жүргізіліп, оқыту әдістемелері жан жақты қарастырылады. Атап айтар болсақ, ақпараттық технологияның басты тиімділігі – пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасалады. Сонымен қатар, IT құралдарын пайдаланудың негізгі ерекшелігі – бұл дамуында ауытқуы бар оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, жеткен жеңістіктерінен ризашылық алуға мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіптік білім алу қолжетімділігіне әсіресе дүниедегі ең жақсы дамыған елдердің назарында екені мәлім, соның ішінде әсіресе қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы. Финляндия, Норвегия, және Голландия елдерінде 70% мүмкіндігі шектеулі азаматтардың компьютердік технологиялар арқылы кәсіби және өміріне қажетті дағдыларды игерді. Көбінесе мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қосымша компьютерлік технологияларды пайдаланып оқытатын жобалардың маңызы зор. Қашықтықтан оқыту – бұл әртүрлі техникалық құралдарды және жаңа ақпараттық телекоммуникациялық технологияларды, сонымен қатар дәстүрлі универсалды оқыту формасы болып табылады.

Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады: логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі.

Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады. Баланың шындықты тануға ақыл - ой сезімі ең алдымен таңданудан басталады. Таңдану баланың әрбір нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән - жайын танып, оларды тереңірек түсінуіне жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады [2].

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға Үкіметтен бастап, мектептерге дейін мән берілуде. Жарымжан балаларды оқыту процесінде ерте бейімдеудің маңызы зор. Тек оқытып ғана қоймай, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтау қызметін тарту қажет. Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды. Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция аясында инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық жоспарын жасап, сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін қоғамдық институттардың тәжірибесін ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі жандарды үздіксіз оқытудың тұжырымдамасын жасау аса қажет болмақ. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Осыған орай мәселелерді шешу жолында әр мұғалім бағдарламаға сай шағын электронды оқулықтар дайындап, үлгерімі төмен және мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жеке жұмыс түрлерін жүргізгені жөн. Әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың диагнозына қарай жұмыс жүргізсе, оқушының білімге деген құлшынысы артып, өзіндік дарындылығы айқындалады.

Жаңаша білім берудің негізгі тәжірибелік міндеттерін шешуде мектептегі жаңалықтармен дамуды, қолданылған әрекеттер мен құралдардың тиімділігін диагностикалау негізінде анықтауға болады. Осыған байланысты педагогтар өз қызметінің объектісіне әлеуметтік психологиялық және педа-

гогикалық мінездеме беріп, танып, білумен зерттеу әдістерін меңгерулері керек. Әр оқушыға арналған жеке даму бағдарламасы олардың өзіндік дарындылығын ашып, өмірдегі өз орнын, өз мамандығын табуға көп көмек болар еді. Осындай орталықтар жұмысын жүйелеп отыратын, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін медициналық-педагогикалық орталықтарды көптеп ашса, кемтар балаларды зор қуанышқа бөлер еді [3].

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықты бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізді.

Компьютерлік технологиялардың дамуы қоғамды жылдам өрістеп жатқан интеграциялық процестерге байланысты ақпараттандырудың ауқымды проблемасымен бетпе-бет келтіріп отыр [3]. Бұл проблема тіршілігіміздің барлық саласын: ғылымды да, мәдениетті де, білім беру қызметін де, өндірісті де түгел қамтиды. Ақпараттық технологияларды пайдаланбайынша қазіргі өмірде бағдар табудың өзі қиын болатын жағдай туындауда. Бірақ біз бұл ғасырдың өзге де болмыстық шындығы бар екенін мойындауымыз керек. Ол - жалпы білім беретін мектеп оқушылары құрамының физикалық, психикалық және сенсорлық даму деңгейлері бойынша бір текті еместігі. Әсіресе оқу мекемелеріне келуге дәрмені жоқ, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар, сондай-ақ мүгедек балалар жағдайы айрықша назар аударуды талап етеді. **Мектеп алдында мынадай міндет тұр:** оқушылардың, соның ішінде денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың ойдағыдай әлеуметтенуі үшін бірқатар біліктілік қабілетін қалыптастыру. Білім беру жүйесін ақпараттандыруды жоғары қарқыны, телекоммуникациялық технологиялардың дамуы мен Интернеттің жаһандық желісі айрықша талаптары бар балалар алдынан білім алуға жаңа мүмкіндіктер ашып отыр.

Компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытудың ең тиімді және оңтайлы жолдарын қарастырсақ. Біріншіден, тірек – қимыл аппаратында ақауы бар азаматтардың білім алу қолжетімділігінің артуы, өйткені компьютер арқылы қашықтықтан қарым-қатынас орнатылып, оларға сыртқы және күндізгі білім формасын жүзеге асыруының тиімділігі болып табылады. Сонымен қатар қашықтықтан оқыту технологиясы оқыту курсының электрондық форматында жасалынып, оқытушының кеңейтілген түсініктемесімен, интерактивті және мультимедиялық материалдарымен қосымша толықтырылады. Анимация, флэш-презентация, аудио, видео – осының барлығы оқу курсы мен меңгеру үшін тиімді, жеңіл әрі көрнекі екені анық. Екіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс жасайтын жоғары санатты оқытушылардың бар болуы, (кей жағдайда арнайы оқытудан өткен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өздері). Үшіншіден, 5 адамнан 20 адамға дейінгі адамдардан құрылған шағын топтарға сабақ өту. Төртіншіден қоғамға қажет еңбек нарығындағы сұранысы жоғары білім, білік дағдыларды игеретін мамандарды дайындау. Мысалы: бухгалтерлік, дизайнерлік, менеджмент, шет тілдерді меңгеру, тігінші, модельер т.б. Мүмкіндігі шектеулі түлектер компьютер қолданушысы, оператор, администратор желісі, веб-дизайнер, телефон кеңесшісі, секретарь-референт, бухгалтер, художник-мультипликатор, аудармашы коммерциялық емес ұйымдарда администратор т.б. және тағы да басқа тәуелсіз өмір сүруге қажет мамандандырылған дағдыларды игеруге үлкен мүмкіншілік алады.

Қытайдың бір нақыл сөзіне көңіл аударсақ: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген. Яғни, оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Жаңа ақпараттық құралдарды түзету сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға көмектеседі;
- оқушыларың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж.
- [2] А. А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж.
- [3] Г.Жақыпбекова. Информатиканы оқытудың жалпы әдістемесі. Шымкент, 2005.

REFERENCES

- [1] "The 2011-2020 state program for the development of education in the Republic of Kazakhstan" Astana, 2010.
- [2] A. A. Baitursynov "Special education: problems and prospects", 2008.
- [3] G. Jaqypbekova. Methods of teaching of computer science. Shymkent, 2005.

Салғараева Г.И., Сабит Б.

Тенденции инклюзивного образования и использование информационных технологий как форма педагогической техники

Резюме. В статье описано положение детей с ограниченными возможностями в образовательном процессе, а так же меры социальной поддержки со стороны государства. Рассматриваются преимущества применения информационных технологий в обучении детей с ограниченными возможностями в условиях информационно-технологического общества.

Ключевые слова: дети с ограниченными возможностями, инклюзивное образование, педагогический действия, информационные технология.

Salgarayeva G., Sabit B.

Trends in inclusive education and the use of information technology as a form of pedagogical techniques

Summary. The article described the situation of children with disabilities in the educational process, as well as supportive social measures by the state. It is risen advantages of the use of information technologies in the education of children with disabilities in terms of information technology society.

Key words: children with disabilities, inclusive education, teaching activities, information technology.